

ҒТАХА 03.20.00

DOI: <https://doi.org/10.62724/202530107>

Тасмагамбетов Асет Сембаевич^{*1}

Тарих ғылымдарының докторы, Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті, Орал, Қазақстан, t.asset63@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-0497-3822

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ ИСЛАМҒА ҚАРАСТЫ САЯСАТЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XIX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

Аңдатпа. Бұл мақалада XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың басындағы исламға қатысты Қазақстандағы патша үкіметінің саясатын қалыптастырудың бастапқы кезеңі туралы мәселе қарастырылады. Оның ерекшеліктері мен жалпы сипаты анықталады және талданады. Осы саясаттың сол тұстағы «жұмсақтығының» алғышарттары мен себептері ашылады. Оны жүзеге асырудың жолдары мен әдістері сипатталған: исламға қатысты институциоландыруды жүзеге асыру; биліктің мұсылман дінбасыларының бір бөлігін (негізінен татар және башқұрт) өз мақсаттары үшін пайдалану; қазақ жерлерінде ресей әкімшілігінің мешіттер мен мектептерді ашуы; қазынадан арнайы қаражат бөлу және т. б. Жұмыста патшаның исламға қатысты діни саясатының Қазақстанда қарастырылып отырған уақытта «жұмсақтығы» бірқатар ішкі және сыртқы саяси факторлардың әсерінен болғандығы сипатталған. Оның жаңашыл тұстары аталған саясаттың нақты жеке кезеңдерінің ерекшеліктері бөлек қаралынуында, айтар болсақ, бастапқы кезеңі. Оған қоса осы саясаттағы II-ші Екатеринаның орны жөнінде автордың өз пікірін ортаға салу, яғни мәселенің субъективті жағы туралы айтылады. Сондай-ақ, исламды қазақ қоғамына патша үкіметі әкелмегені, оның ондағы институттандырылуына ғана ықпал еткені, ал мұсылмандық синкреттік түрде бұған дейін де мұнда болғаны жөніндегі өз тұжырымдары. Жалпы, автор негізінен қарастырылып отырған саясат қазақ жерлерін Ресей империясының құрамына "ауыртпалықсыз" енгізу мақсатымен байланыстырады.

Кілт сөздер. Қазақстан, ислам, патша үкіметі, саясат, мешіт, діни қызметкерлер, институциоландыру.

Тасмагамбетов Асет Сембаевич^{*1}

Доктор исторических наук, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан, t.asset63@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-0497-3822

ОСОБЕННОСТИ НАЧАЛЬНОГО ПЕРИОДА ПОЛИТИКИ ЦАРСКОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА В ОТНОШЕНИИ ИСЛАМА В КАЗАХСТАНЕ (ВТОРАЯ ПОЛОВИНА XVIII – НАЧАЛО XIX ВЕКОВ)

Аннотация. В данной статье рассматривается вопрос о начальном этапе формирования политики царского правительства в Казахстане в отношении ислама во второй половине XVIII – начале XIX веков. Выявляются и анализируются ее особенности и общий характер. Раскрываются предпосылки и причины «мягкости» данной политики. Описываются формы и методы ее реализации: осуществление институционализации в отношении ислама; использование в своих целях части мусульманского духовенства, лояльной к властям (в основном татарского и башкирского); открытие российской

администрацией мечетей и мектебов в казахских землях; выделение специальных средств из казны и др. В работе описывается, что лояльность религиозной политики царизма в отношении ислама в рассматриваемое время в Казахстане была вызвана рядом внутривластных и внешнеполитических факторов. Ее новизна заключается в том, что изучаются особенности конкретных отдельных этапов описываемой политики, в данном случае начального. Говорится о роли и месте в ней Екатерины II, то есть субъективная сторона вопроса. Также показывается, что не царское правительство привнесло ислам в казахское общество, оно способствовало его институционализации в нем, а мусульманство в синкретической форме было здесь задолго до этого. В целом, автор обосновывает, что в основном рассматриваемая политика была связана с целью более «безболезненного» включения казахских земель в состав Российской империи.

Ключевые слова. Казахстан, ислам, царское правительство, политика, мечеть, духовенство, институционализация.

Tasmagambetov Asset Sembayevich^{*1}

Doctor of historical sciences, West Kazakhstan innovative technological university, Uralsk, Kazakhstan, t.asset63@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-0497-3822

FEATURES OF THE EARLY PERIOD OF THE ISLAMIC POLICY OF THE TSARIST GOVERNMENT IN KAZAKHSTAN (SECOND HALF OF THE XVIII - EARLY XIX CENTURIES)

Abstract. This article examines the question of the initial stage of the formation of the policy of the tsarist government in Kazakhstan in relation to Islam in the second half of the XVIII – early XIX centuries. Its features and general character are identified and analyzed. The prerequisites and reasons for the "softness" of this policy are revealed. The forms and methods of its implementation are described: the implementation of institutionalization in relation to Islam; the use for their own purposes of a part of the Muslim clergy loyal to the authorities (mainly Tatar and Bashkir); the opening of mosques and mektebas in Kazakh lands by the Russian administration; allocation of special funds from the treasury, etc. The paper describes that the loyalty of the religious policy of tsarism towards Islam in Kazakhstan at the time under review was caused by a number of domestic and foreign policy factors. Its novelty lies in the fact that it examines the specifics of specific individual stages of the described policy, in this case, the initial one. It talks about the role and place of Catherine II in it, that is, the subjective side of the issue. It is also shown that it was not the tsarist government that introduced Islam into Kazakh society, it contributed to its institutionalization in it, and Islam in a syncretic form was here long before that. In general, the author argues that the policy in question was mainly related to the goal of a more "painless" incorporation of the Kazakh lands into the Russian Empire.

Key words. Kazakhstan, Islam, tsarist government, politics, mosque, clergy, institutionalization.

Кіріспе. Мемлекеттік органдар мен дін саласы арасындағы қарым-қатынас мәселесі қоғамның дамуында әрқашанда маңызды орын алады. Бұл, әсіресе, жаһандану үрдістері елдерге жаңа сын-қатерлер туғызатын қазіргі кезеңге қатысты, және солардың көпшілігі діни саламен байланысты екенін айтып кету қажет. Осыған байланысты көптеген

елдердің мемлекеттік құрылымдары діни бірлестіктермен және діндарлармен қарым-қатынастың оңтайлы жолдарын іздеуде. Бұл мәселе белгілі бір дәрежеде біздің республикамызға да қатысты. Діни салаға қатысты ойластырылған саясатты құру көптеген факторларды, соның ішінде оны бұрын жүзеге асыру тәжірибесін ескеруді талап етеді. Бұл жағдайда осы мәселеге қатысты тарихи үрдістердің оң және теріс жақтарын объективті зерттеу қажет.

Осыған орай, біздің тарихымызда қазақ жерлерінің Ресей империясына қосылу кезеңіндегі мемлекеттік-конфессиялық қатынастар қызығушылық тудырады, олар ұзақ уақыт бойы қалыптасқан, екіұшты және кейде қайшылықты болды. Бұл қатынастардың біраз бөлігінің сипаты Ресей империясының отарлық сипатымен алдын-ала анықталды, мұнда діни салада православие басым болды, ал басқа діндер соның көлеңкесінде қалып отырды. Бірақ оның тарихының әртүрлі кезеңдерінде империяның шетіндегі патшалықтың діни саясатында бәрі біркелкі болған жоқ, бір-біріне қайшы келетін ерекшеліктері де болды. Ол тіпті сыртқы және ішкі жағдайларға байланысты кейбір православиелік емес конфессияларды қолдауға мәжбүр болған кезеңдер де болды. Осыған байланысты көптеген ерекшеліктері бар Ресей империясына қосылудың бастапқы кезеңінде Қазақстандағы исламға қатысты патша билігінің саясаты ерекшеленеді. Бұл мақаланың мақсаты әртүрлі, кейде қарама-қайшы жағдайлар мен факторлармен анықталған осы ерекшеліктерді зерттеу, анықтау және сипаттау болып табылады.

Қазақстандағы патша үкіметінің діни саясаты оның осы аумақтағы бүкіл отарлау саясатының маңызды аспектісі болды. XVIII ғасырдың екінші жартысы-XIX ғасырдың басында Ресей империясы қазақ жерлерін біртіндеп өзінің мемлекеттік жүйесіне біріктіре бастады. Әскери, әкімшілік және экономикалық шаралармен қатар діни факторға да маңызды мән берілді. Осыған байланысты, қарастырылып отырған кезеңде патша билігі жергілікті мұсылмандықты өзіне қарсы қоймай, керісінше сол арқылы өзіне қажетті идеяларды таратудың құралы және даладағы отаршыл биліктің позициясын нығайтуда басқару құралы ретінде пайдалануға күш салды. Бұл тақырыпты зерттеу империялық әкімшіліктің өз діни саясатын қазақ қоғамының ерекшелігіне бейімдеу әрекеттерін түсінуге, сондай-ақ отарлық мүдделер мен нақты әлеуметтік тәжірибелер арасындағы қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Қаралып отырған тақырыптың тарихнамасына келер болсақ бұл мәселені әр кезеңде тарихшылар әр тұрғыда қозғаған болатын. XX ғасырдың басына дейін ол туралы азды-көпті жазған көбіне ресей зерттеушілері болды. Ал оның ішінде нақты мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынасты қарастырғандар көп болмады. Айтар болсақ, мысалы, Н.М.Чернавский, А.Е.Алекторов секілді зерттеушілердің еңбектері. Бұл еңбектер, бір жағынан Ресей мемлекеттілігі тұрғысынан жазылған болса, екінші жағынан оларда бірталай фактологиялық мәліметтер орын алған.

Кенес дәуіріндегі жұмыстарда қаралып отырған мәселеге қарасты көзқарас көбіне біржақты болғаны белгілі. Мұнда осы бағыттағы ізденушілер идеологиялық қыспаққа байланысты патша билігімен қатар дінді де реакциялық күштер қатарына жатқызып отыруға мәжбүр болды, қай мәселе болмасын ол таптық тұрғыда қаралды. Дегенмен бұл жұмыстар арқылы да ізденіс ортасына жаңа фактологиялық материалдар еніп жатты, брақ соларды талдауға келгенде авторлар кеңес тарихнамасының ауқымынан шыға алмады. Оны біз, мысалы, Б.Сулейменов, К.Б.Бейсембиев секілді зерттеушілердің еңбектерінен көреміз.

Егемендік алғаннан кейінгі кезеңдегі тарихнамада әр кездегі діни саясатты объективтік тұрғыда, жан-жақты қарауға мүмкіндік туындады. Бұл тақырып қазақ

халқының дәстүрлі қоғамының ерекшеліктері ескеріле отырып оның мәдени және өркениеттік тарихының бір бөлігі ретінде қарала басталды. Бұл тұстағы авторлардың жұмыстарында (Г.С.Султанғалиева, Н.Д.Нуртазина, Н.Д.Турсунов т.б) Орынбор мұсылман діни басқармасы жөнінде, «ресми» молдалар жөнінде, мешіттер салынуы жөнінде, православиялық миссионерлік жөнінде және тағы басқа мәселелер көтерілді. Нәтижесінде жалпы патша үкіметінің еліміздің діни саласында жүргізген саясатының көрінісі жаңа тұрғыда қалыптаса басталды.

Зерттеу жалпы патша үкіметінің Қазақстандағы исламға бағытталған саясатының алғашқы кезеңін қарастырып, ерекшеліктерін анықтайды. Ол үшін осы саясат аясында жүзеге асырылған бірнеше үрдістер деректер негізінде сараланады. Соның ішінде қазақ жеріндегі мұсылмандықты институциялау, арнайы діни басқару жүйесін еңгізу, биліктің молдаларды өз ықпалына жығып көздеген мүдделері үшін пайдалануы, мешіттер салу және бұл істі де отарлық саясатта пайдалануы т.б. Мақаланың жаңашыл тұстары ол патша үкіметінің исламға қарасты саясатының алғашқы кезеңінің ерекшеліктері арнайы бөлек қаралып сипатталынуында, II Екатеринаның осы саясаттағы орнына көңіл аударылынуында, және де қазақ даласына исламды негізінен ресей патшалығы әкелді деген пікірге қарасты өз ой-тұжырымдарын ұсынуда. Жұмыс Қазақстандағы мемлекет пен дін арасындағы қатынастарға арналған болашақ зерттеулерде пайдаланылуына болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Жұмыстың деректік негізі XVIII ғасырдың екінші жартысы-XIX ғасырдың басындағы патша үкіметінің Қазақстандағы исламға қатысты діни саясатының ерекшелігін айқындайтын әртүрлі материалдардан тұрды. Оның ішінде мұрағаттарға және дерек жинақтарына қатысты құжаттар — патша билігінің жарлықтары мен бұйрықтары, Сенат материалдары, есептер және жергілікті әкімшіліктің хат-хабарлары. Сонымен бірге, нормативтік-құқықтық актілерді атап өтуге болады, олардың ішінде II-ші Екатеринаның жарлықтары ерекше орын алады. Орынбор мұсылман діни жиналысын құру туралы, сондай-ақ молдалар, медреселер мен діни институттардың қызметін реттейтін үкіметтік нұсқамалар.

Әдіснамалық жағынан жұмыс кешенді тәсілге негізделген. Тарихи-салыстырмалы әдісті қолдану Қазақстандағы Ресей империясының діни саясатының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Тарихи-генетикалық әдіс арқылы ислам институттарын мемлекеттік басқару жүйесіне біріктірудің себептері мен алғышарттары анықталды. Фактологиялық материалдарды талдау сонымен қатар діни саясатты Қазақстандағы Ресей империясының жалпы отаршылдық стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде қарастыратын жүйелілік әдісіне негізделді. Зерттеуді әр түрлі құжаттарды сыни бағалауға бағытталған деректанулық сараптау толықтырады.

Нәтижелер және оларды талдау. Қазақстандағы патша үкіметінің Ресей империясының құрамына кіру және оның құрамында болу кезеңіндегі діни саясаты туралы айтатын болсақ, онда, ең алдымен, бұл оның исламмен қарым-қатынасына байланысты еді. Сол кездегі қазақ қоғамының едәуір бөлігі өзін осы дінге жатқызды және бұл діннің осы аумақтағы дамуы едәуір уақыт кезеңін қамтыды. Сондықтан, мұнда өзінің мүдделері кеңейген сайын, патшалық билік жергілікті мұсылмандыққа қатысты белгілі бір саясат құруға мәжбүр болды. Бұл саясаттың жүзеге асырылу барысының әртүрлі кезеңдерінде өзіндік ерекшеліктері болды, бұл жергілікті исламның сипатына, қоғамдағы нақты әлеуметтік үрдістерге, геосаяси жағдайға байланысты болды. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстандағы діни өмірге көбінесе қазақ жерлерін Ресей империясына қосу үрдісінің басталуымен айқындалған факторлар әсер ете бастады. Осыған байланысты, жергілікті исламның одан әрі дамуында айтарлықтай

өзгерістер басталып, көбінесе жоғарыда аталған үрдістен туындаған ұйымдастырушылық сипатта болды.

Егер қаралып отырған уақытта Қазақстандағы патша үкіметінің исламға қатысты саясатын қарауға көшетін болсақ, онда Ресейдің империя мәртебесінде дамуының бастапқы кезеңінде (XVIII ғасырдың бірінші жартысы мен ортасы) оның аумағындағы мұсылмандыққа қатысты бұл саясат бейбітшіліктен алыс болғанын айтып кету қажет. Ол қатаң шектеулі сипатта болғаны белгілі (мешіттер мен медреселер салуға, қажылық жасауға, православиелік миссионерліктің кеңейуі және, керісінше, мұсылман дінбасыларына миссионерлік қызметке кедергілер және т.б.). Бұл, тиісінше, империяның шет аймақтарының мұсылман халқы тарапынан қарсылық туғызды, сондықтан оларға қатысты жүргізіліп жатқан діни саясаттың құқықтық негіздерін өзгерту талаптарына дейін шаралар қабылданды. Мысалы, мұсылман депутаттары 1767 жылы құрылған комиссияға ислам дінін ұстанушылардың діни рәсімдерді орындауындағы шектеулерді алып тастауды талап етуі [1,186.]. Осы кезеңде мұсылмандықтағы шет аймақтардың діни қызметкерлері ғана емес, олардың саяси элиталары да қысымға ұшырады, бұл осы халықтардың дәстүрлі әлеуметтік негіздерінің әлсіреуіне әкелді (бастапқы кезеңде негізінен Еділ бойында). Әртүрлі формадағы ұзақ қудалау мұсылман аймақтарының ақсүйектерін әлсіретті, олардың бір бөлігі патша үкіметіне қызмет етуге көшті. Бірақ, соған қарамастан, мұсылмандық ғибадат ғимараттарын жою, рухани оқу орындарын жабу, діни қызметкерлерді қудалау мұсылмандықты осы халықтардың қоғамдық және рухани өмірінен толықтай ығыстыруға әкелмеді, бұл олардың мәдениетінің негізі болып қала берді.

Патшалық биліктің исламды Еділ бойындағы халықтардың өмірінен ығыстыру бойынша бірнеше рет жасалған шаралар елеулі нәтижеге әкелмеді, сондықтан кейін ол оны өзіне қызметке тарту және бақылауда ұстауға көше бастады. Тиісінше, "ресми" мұсылман дінбасыларын, жаңа "ресейлік" ұйымдық институттарды және осы аймақтардағы мұсылмандарды басқару нысандарын құру жұмыстарына көшті. Нәтижесінде Ресей империясының мұсылмандарын басқару үшін арнайы рухани басқармалар ашу туралы шешім қабылданды, бұл империядағы православие шіркеуінің ұйымына ұқсас болды. Көп ұзамай ресей мұсылмандары үшін мүфтияттар (басқару ұйым) пайда болады және оларды басқару үшін діни құрылымдар қалыптасады. Бұл тұрғыда алғашқылардың бірі болып II-ші Екаторинаның 1788 жылғы 22 қыркүйектегі жарлығына сәйкес Уфа қаласында орталығы орналасқан Орынбор мұсылман діни жиналысы (ОМДЖ) құрылды. Оның қарамағына кейіннен қазақ жерінің халқы да жатқызылатын болды [2]. Бұл жиналыс Ресей империясының мұсылман халқының басым көпшілігін қамтыды. Кейін 1794 жылы Тавриялық діни басқарма (ТДБ) құрылды. Онан соң, 1872 жылы, Закавказье мұсылмандарының діни билігі бекітілді.

Отарлық биліктің Қазақстандағы исламға қатысты саясатындағы келесі қадамы – ол мұсылман діннің өкілдері үшін оның дінбасыларының арнайы діни биліктің өзіндік иерархиясын құру болды. Бұл Ресей империясының аумағындағы мұсылмандықтың конфессиялық дамуын ұйымдастырушылық реттеу ісіндегі патша билігінің "жаңалығы" еді. Белгіленген ресми мәртебеге ие бола бастаған діни министрлердің жоғары және төменгі дәрежелерімен қатар тұра бастады, бұл ислам дініне тән емес еді. Сол кездегі еліміздің аумағындағы мұсылмандар жоғарыда аталған жарлықтың шарттары бойынша олардың рухани өмірінің мәселелерін реттеуге ресми түрде шақырылған ОМДЖ-ің қарамағына кіруі керек еді. Бірақ кейінгі тәжірибе бұған өз түзетулерін енгізді, бұл патша өкіметінің белгілі бір кезеңде қазақ жерінде өзінің отаршылдық саясатын жүзеге асыру ерекшеліктерінен туындады. Орынбор мүфтияты Қазақстан аумағындағы

мұсылмандарды, оның оңтүстік аудандарын қоспағанда, толығымен жетекшілік етуді негізінен ХҮІІІ ғасырдың аяғымен ХІХ ғасырдың бірінші жартысында жүзеге асырды. Яғни, уақыты жағынан бұл империя билігінің мұсылмандыққа, әсіресе сол кезде оған қосылған аумақтарға "жұмсақтық" кезеңімен сәйкес келеді.

Патша үкіметі осы құрылымнан ХVІІІ ғасырдың басында оның реформалары кезінде І Петр құрған Қасиетті Синод сияқты импровизацияланған діни құрылым болады деп күтті. Егер зайырлы басқару органдарының діни бірлестіктерді басқаруын "ұлттандыру" бойынша патшалықтың бұл тәжірибесі христиандық конфессияларға азды-көпті қолайлы болса, ал ислам үшін дәстүрлі емес еді. Бірақ ресми билік Ресей мұсылмандығына қатысты мұндай "жаңашылдықты" қолданды. Ислам дінін ұстанушылар басшылығының өзіне "жақындауының" бұл түрі патшаға белгілі бір уақытта оны тиімді бақылауға мүмкіндік берді. Бұл, негізінен, ОМДЖ-ға қатысты ресми нұсқауларда көрсетілген, онда "...белгілі бір тәртіппен заңдармен жүргізілуі керек, Жоғарғы Сот прокурорына олардың қызметі мен ағымын бақылау керек" делінген [3]. Жалпы алғанда, бұл жиналыс патша үкіметіне өзінің және мұсылмандардың арасындағы қатынасты икемді түрде жүргізу үшін байланыстырушы буын ретінде қажет болды. Қазақстанға қатысты бұл органды отаршыл билік, ең алдымен, оның халқын империяның ықпалындағы аймақтарына ауыртпалықсыз қосу үшін пайдалануы керек еді.

Бірақ Ресейдегі исламды қудалау мәселесіне қайта оралсақ, Екатеринаға дейінгі кезеңде империядағы мұсылмандарға қарасты қатаң кезеңінің шаралары Қазақстан аумақтарының халқына сол тұста әсер етпегенін атап өткен жөн, өйткені қазақ жерлеріндегі азды-көпті кешенді саясатты патша үкіметі ХVІІІ ғасырдың аяғында, яғни бұл саясаттың "жұмсарған" кезінде бастады. Сонымен, империяның православиелік емес тұрғындарына қатысты ресми діни саясаттағы "жұмсақтық" 1773 жылы 29 мамырда ІІ Екатеринаның Сенатқа жолдауында белгіленді, онда ол әртүрлі сенімдерге, тілдерге және конфессияларға төзімділік "құдіретті Құдайдың" еркі деп атап өткен болатын [4, 120 б.]. Нәтижесінде тиісті құрылымдар (мысалы, архиерейлер) тиісті нұсқамалар алды, соған сәйкес олар "барлық тұрғындардың арасындағы келіспеушіліктерді жойыуға және олардың арасында сүйіспеншілікті, тыныштық пен келісімді орнатуға" міндеттелді [5, 776 б.]. Екатерина кезеңінде, ХVІІІ ғасырдың бірінші жартысындағы мұсылман аймақтарына қатысты зорлық-зомбылықтан кейін, империяның правослаvtік емес халықтарын мәдени және әлеуметтік ерекшеліктерін сақтай отырып, "бейбіт" интеграциялау идеясы ұсынылды. Осы кезеңде татар мырзалары мен башқұрт старшиналарына дворяндық құқықтар беріле басталды [6, 23 б.]. Ал 1763 және 1776 жылдардағы заңдарға сәйкес мұсылман саудагерлеріне (ең алдымен татарларға) коммерциялық кәсіпорындар құруға рұқсат етілді, ал қазақ даласында - жаңа қоныстар салуға [7, 225 б.]. Осыған байланысты кейін қазақ жерінде татар атаулары бар елді мекендер пайда бола бастады.

ХVІІІ ғасырдың екінші жартысындағы өзге діндегілерге жұмсақтық таныту саясатын қарастырған кезде, ІІ Екатеринаның "ағартушылық абсолютизмі" оған қаншалықты әсер еткендігі қызығушылық тудырады. Бұл жағдайда, бәлкім, сол кезеңдегі еуропалық ағартушылықтың оның дүниетанымдық көзқарастарына әсері болғандығын жоққа шығаруға болмайтын шығар. Дегенмен де, бұл саясатта, әрине, бірінші кезекте, прагматикалық мемлекеттік мүдделер басшылыққа алынып отырды. Сонымен қатар, империяның діни саясатындағы өзгерістерге ішкі және сыртқы саяси жағдайлар да әсер етпей қоймады. Атап айтқанда, Е. Пугачев пен Сырым Датов көтерілістері, Орталық Азияға ықпал ету үшін Британ империясымен текетірес,

Түркиямен геосаяси тұрғысындағы қақтығыстар. Мұнда келесі мәселеге назар аудару керек: 1774 жылғы Күчүк-Қайнарджиялық бейбіт келісімі бойынша Ресей империясы түрік сұлтанын барлық мұсылмандардың рухани басшысы ретінде мойындады [1, 18-19 бб.]. Жоғарыда аталған үрдістердің қаралып отырған мәселеге әсерін, әрине, жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, соған қарамастан, "ағартушылық идеялар" да осы мәселеге қатысты тұжырымдамалардың негіздерінің бірі ретінде қаралуға мүмкіндігі бар. Екатеринаның осы бағыттағы сұрақтарға қатысты айтқан сөздерін шенеуніктер жекелеген мемлекеттік жобаларды, атап айтқанда дін саласындағы жобаларды іске асыру кезінде ескеруге мәжбүр болды. Осы тұрғыда оның Қазанда мешіттер салынып жатыр деген Синодтың шағымына жауабы ерекше маңызға ие болды. Ол "жер бетіндегі құдіретті Құдай барлық сенімдерге, тілдерге және конфессияларға қалай шыдайды" солай ол "жаратушының қасиетті еркіне ұқсай отырып" өз халқының арасында "әрқашан да махаббат пен келісім билік етуін" қалайтынын айтады [8, 112-113 бб.].

Қаралып отырған тұстағы барлық жағдайлар патшалықты өсіп келе жатқан империяда ішкі тұрақтылықты сақтау үшін онда тұратын халықтардың әртүрлі нанымдары мен мәдени айырмашылықтарына төзімділік саясатын көрсету қажет екенін түсінуге мәжбүрледі. Сонымен бірге, бұл үрдіс осы халықтардың патша үкіметіне деген «саяси адалдығын» қалыптастыруға ықпал етуі керек еді. Нәтижесінде, уақыт өте келе империяның христиан емес тұрғындарына қатысты биліктің діни саясатында төзімді тәсілдер орын ала бастайды. Сонымен бірге, бұл төзімділік саясаты мұсылман халықтарына қарасты мемлекет тарапынан қолдау көрсету әрекеттерімен жалғасты, ал қазақ ортасына қатысты бұл шаралар мұнда исламның одан әрі нығаюына себепші болды. Әрине, бұл үрдістердің артында Ресей империясының мемлекеттік мүдделері тұрды, атап айтқанда – біздің еліміздің аумағын империяға "ауыртпалықсыз" қосудың оңтайлы жолдарын әзірлеу және пайдалану.

Сондықтан, біз бұл саясатты мемлекеттік қазынаны пайдалана отырып, қазақтарды "толық исламдандыру" үшін мешіттер мен медреселер ашу, "ресми" мұсылман дін қызметкерлерін даярлау, қазақ даласындағы сол кездегі исламға ұйымдық институттарды енгізу арқылы Қазақстан аумағын империя құрамына енгізу ісіндегі «жұмсақ» құрал ретінде пайдалану жолы екенін түсіне білуіміз керек. Ресей билігінің исламға қатысты діни саясатының тек уақыт кезеңдері бойынша ғана емес, сонымен бірге мұсылмандар тұратын аумақтарға таралу мерзімі бойынша да өзіндік ерекшеліктері болғанын екеру қажет. Егер қазақтардан бұрын империя құрамына еңген мұсылман халықтары өз уақытында билік тарапынан қатаң қысым көрген болса, кейінірек қосылған мұсылман аймақтарына қарасты ондай тұрғыдағы қысымшылық бола қойған жоқ, себебі ол тұста патша әкімшілігі, жоғарыда айтып кеткеніміздей, «жұмсақ» діни саясатқа көшуге мәжбүр болған еді, әсіресе олардың Ресей протекторатында болған алғашқы кезеңінде.

Егер ХУІІІ ғасырдың аяғында жалпы империяда патша өкіметінің исламға қарасты «төзімділігі» бірқатар сыртқы және ішкі саяси оқиғалардан туындаса, ал қазақ халқына қатысты бұл «төзімділік» оны Ресей құрамына "ауыртпалықсыз" енгізу жөніндегі стратегиялық мақсаттармен байланысты болды. ІІ-ші Екатерина кезінде империядағы мұсылмандық едәуір күшейіп, православиелік миссионерлік бәсеңдегенін көреміз. Оған қоса, 1797 жылы Санкт-Петербургте мұсылман кітаптарын басып шығару үшін Азиялық баспахана ашылып, Құранның 3600 данасы басылып шықты [9, 4 б.]. Әсіресе бұл үрдістің күшейе басталуы 1802 жылы баспахананың Қазан қаласына ауыстырылғаннан кейін байқала бастады.

Патша әкімшілігі мен мұсылмандардың қарым-қатынасындағы маңызды мәселелердің бірі ол ғибадат ғимараттарын, атап айтқанда мешіттерді салу мәселесі болып отырды. Бұл мәселе сол кезде 1742 жылғы 19 қарашада және 1756 жылғы 23 тамызда қабылданған жарлықтармен реттелетін, және олардың шектеулік жағы басым еді. Соның ішінде алдыменен ресми орыс православиесінің мүдделеріне нұқсан келтірілмеуі қадағаланды. Қазақстан аумақтарына келетін болсақ, мұнда XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында мешіттер көбіне толыққанды рұқсат алынбайақ салынды. Оған қоса осы шаралар үшін қазыналық субсидиялар жіберіле басталды. Айта кету керек, XIX ғасырдың ортасына дейін (1844 жылға дейін) империяға жаңадан қосылған аймақтарда мешіттердің құрылысы іс жүзінде жергілікті әкімшіліктермен реттелді. Мұның бәрі, әрине, патшаның "шығыс" саясатындағы тактикалық және стратегиялық міндеттерімен байланысты болды. Үкімет осы аймақтарда мұсылман институттарын ашуға, кеңейтуге және заңдастыруға көше бастады, сонымен бірге бұл үшін, атап өткеніміздей, тіпті қаржы қарастырылды. Бұл сол институттардың қызметін ашық және бақыланатын қылу және мүмкіндігінше ішкі және сыртқы саясатта пайдалану үшін жасалынды.

XVIII ғасырдың екінші жартысында жоғарыда айтылған "орыс" исламының өзіндік ұйымдық құрылымының қалыптасуының басталуы да осы айтылған жәйттермен байланысты еді. Бұл Ресей империясында мұсылмандыққа тән емес шіркеу ұйымдарының мүфтиаттар түрінде пайда болуына әкелді. Соныменен, сол уақытта екі діни бірлестік-мүфтиаттар ұйымдастырылды: Орынбор (1788 жылы Уфа қаласында) және Қырым (1794 жылы). Олардың қызметіне басшылық жасау үшін тиісті штат қарастырылған діни жиналыстар құрылды [10]. Қазіргі кезде посткеңестік жекелеген елдерде жұмыс істейтін мүфтиаттар - бұл Ресей империясындағы исламды «жоғарыдан» ұйымдастыру тәжірибесінен пайда болған, кейін Кенес Одағында ресми түрде сақталған, институттар.

Мүфтиаттардың құрылуы ол белгілі бір тұрғыда ресми діни иерархияны қалыптастырудаға прецедент болды, ол, жоғарыда айтылғандай, негізінен исламның тәжірибесіне тән емес нәрсе еді. Молдалар мен имамдар, әдетте, ғибадат ету рәсімдерін өткізген кезде ғана сенушілердің алдында болуы керек, ал қалған уақытта олардың рухани тәлімгерлері болып қала беруі керек деп есептеледі. Бірақ патша әкімшілігі жоғарыда аталған шараларды өзінің діни саясаты аясында жүзеге асырды. Айта кеткен жөн, бұл жағдай Ресей қоғамының өзінде екіжақты пікір тұғызды. Мысалы, XIX ғасырдағы ресейлік зерттеуші Н. Череванский бұл Ресей мұсылмандары үшін қолайлы іс болды деп санады, олардың ұйымдық бірігуіне ықпал етті және жергілікті мұсылмандыққа "ұйымдық бірлік пен тұтастық берді, ал бұл жағынан ислам ерекше күш алмауы мүмкін емес еді" деп есептеді [4, 123 б.].

Череванский мен оның жақтастары "шығыс" саясатында пайда табу үшін II-ші Екатерина тұсында басталған үкіметтің бұл шаралары империядағы исламның нығаюына ықпал етіп, кейіннен оның шет аймақтарындағы халықтарды орыстандыру және христиандандыру ісіне едәуір қиындықтар туғызды деп тұжырымдайды. Соның ішінде, бұл жәйт әсіресе қазақтарға қатысты өзекті екеніне де олар назар аударып отырды. Олар мұсылмандық арқылы қазақтарды Ресей империясының құрамына «ауыртпалықсыз тарту» әрекеттің "біз өзіміз қырғыздарға – осы жартылай жабайы пұтқа табынушыларға – исламды енгізіп, уақыт өте келе оларды христиан мен орыс мәдениетінің пайдалы әсерінен қорғау үшін жеткілікті түрде мұсылман еткенімізге" әкелді деп санады [11, 123-бет]. Бірақ, соған қарамастан, патша үкіметі өз саясатында сол кезеңде империяның жаңа аймақтарындағы халықтарды, соның ішінде қазақтарды,

ұйымдық жолмен "мұсылмандандыру" арқылы Ресей құрамына ауыртпалықсыз енгізу үшін "жұмсақ күш" ретінде пайдаланғанын көреміз. Осы тұрғыда, II-ші Екатеринаның 1782 жылғы 25 ақпандағы жарлығына сәйкес қазақ жерлерінде мешіттер салу ұйғарылды. Бұл сондай-ақ қазақ халқы үшін арнайы басқарма - "шекара сотын" құру кезінде 1784 жылғы 2 мамырдағы атаулы жарлықта көзделген еді, онда "мұсылман заңындағы халықтар" үшін мешіттердің жедел құрылысы туралы көрсетілген болатын [12].

Жоғарыда айтылғандар, әрине, исламды қазақ қоғамына Екатерина дәуірінде патша өкіметі енгізді дегенді білдірмейді. Бұл жерде біз аталған үкіметтің жергілікті ислам ортасында ұйымдастырушылық шаралар арқылы империяның шетіндегі халықтарға өз ықпалын күшейтуге деген ұмтылысын айтып отырмыз, сол арқылы осы аумақтағы қоғамдық үрдістердің барысын бақылауға. Осы жерде бір ескеретін нәрсе, қарастырылып отырған саясат бұған дейін ислам құндылықтарын қабылдаған және оларды дамытқан халыққа қатысты жүзеге асырылуға бағытталған еді. Мысалы, бұл тұрғыда генерал-губернатор О. А. Игельстром 1789 жылы II-ші Екатеринаға ру билеушілерін де, қарапайым қазақтарды да негізінен мұсылмандар деп есептеуге болатыны жөнінде жазғаны туралы белгілі [13, 124 б.].

Осы кезеңде қазақ қоғамына қарасты басталған Ресей империясының діни саясатының ерекшеліктерінің бірі ол сол қазақ ортасына молдалар ретінде биліктің ықпалындағы татар және башқұрттан шыққан діни қызметкерлерді жіберу болды. Бұл мұнда "орыс" исламының күшеюіне және отаршыл әкімшіліктің өзі тағайындаған "ресми" молдалар арқылы көздеген саясатының жүзеге асуына бағытталған істер болатын. Бір қызығы, одан бұрын, ХУІІІ ғасырдың бірінші жартысы мен ортасында, «мұсылман аймақтарында» жағдай басқаша болған еді - билік, керісінше, қазақтардың татарлармен және башқұрттармен байланысын болдырмауға тырысты [14, 125 б.]. II Екатерина 1785 жылғы 27 қарашадағы жарлығында биліктің қазақтарға аталған молдаларды жіберуі "біздің істерімізде айтарлықтай пайда әкелуі мүмкін, сондықтан оларды Қазан татарларынан сұрап анықтауға тырысыңыз" деген бағыты көрсетілген [15]. Сонымен бірге, олар үшін мемлекеттік қазынаның есебінен ақшалай қаражат көзделді.

Қазақ жерінде расправалар ашылған кезде (1786 жыл) олардың әрқайсысында қазынадан қаржыландырылатын арнайы молда болуы қарастырылды. Айтарлық, 1799 жылы тағайындалған Орынбор қалалық молда Абдурахман 150 рубль жалақы алып отырды, ал Орынбордағы алғашқы жұма мешіті 1805 жылы қазына есебінен салынды [16]. Билік бұл бағытын тұрақты ұстануға тырысты және 1787 жылы 21 сәуірде "қырғыздарды қазан молдаларының қажетті санымен" қамтамасыз ету туралы ресми талап қайтадан айтылды. Осыған байланысты, ХУІІІ ғасырдың аяғынан бастап қазақ жерлеріне татар және башқұрт молдаларының ағыны басталады [17,156 б.]. Сандық тұрғыдан алғанда, оның статистикасын жүргізу іс жүзінде мүмкін болмады, өйткені діни қызметкерлердің Далаға көшуі ресми және бейресми жолдармен жүрді. Олардың арасында билік жібергендерден басқалары да аз болған жоқ. Мысалы, дереккөздер Жантөре ханның, Бөкей Ордасының билеушісі Бөкей Нұралиевтің және қазақ руларының басқа да ықпалды тұлғаларының жанында осындай молдалардың болғанын мәлімдейді [18, 157 б.].

Осы кезеңде Қазақстандағы исламға қатысты патша билігінің аталған шараларының барлығы, атап өтілгендей, оның сыртқы және ішкі саяси мақсаттарымен байланысты болды. Жергілікті мұсылмандықты "ресейлік" исламға енгізу арқылы, "ресми" молдалардың қызметі арқылы, осы саладағы әкімшілік бақылауды ұйымдастыру арқылы қазақ халқына идеологиялық ықпал ету көзделді. Осының бәрі отарлық үкіметтің

қазақ жерлерін империяға біртіндеп "жеңілдетілген" жолмен қосу жөніндегі стратегиялық міндетін іске асыруының көрінісі еді. Сонымен бірге, бұл ІІ-ші Екаторинаның көлемі ұлғая түскен, уақыт өте келе көпэтносты және көпконфессионалды бола бастаған империяның шет аймақтарында «жұмсақ» діни саясат құрудағы саяси көрегендігі екенін де атап өтуге болатын шығар. Мұны біз оның "белгіленген комиссияға" арналған "нұсқауларының" мазмұнынан байқаймыз, онда ол "Ресей сияқты көпэтникалық мемлекеттегі әртүрлі сенімдерге жол бермеу" зиянды деп есептейді [4, 80 б.].

Дәл осы бағыт ІІ-ші Екаторинаның жаңадан қосылған аумақтардағы православиелік миссионерлікке де қатысты позициясында байқалады. Мұнда да ол империядағы көп бөлімді қоғамның тұрақты дамуының маңыздылығын ескере отырып, әртүрлі конфессиялар мен олардың мүшелеріне қатысты саясатқа ұтымды көзқарастан туындайды. Ол мұны ерекше атап көрсетеді: "менің ойымша, біздің христиан емес ұлттарымызды сенімімізді қабылдауға мәжбүрлеу пайдалы емес" [5,6276.]. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Қазақстанда исламға қатысты патша үкіметінің жоғарыда аталған саясатының нәтижесінде мұнда мешіттер, мұсылман дінбасыларының өкілдері, мектептер, қажылық жасайтын адамдар саны өсе бастады. Сонымен бірге, бұл территориядағы мұсылмандық "орыс" исламының орбитасына көбірек тартылды, оны негізінен отаршылдық әкімшілігі алға тартты. Қазақ жерінде мұсылмандыққа қатысты жоғарыда сипатталған ұйымдастыру шараларын жүргізу оның бойында конфессиялық институттардың қалыптасуы мен дамуына және тұтастай алғанда оның конфессиялық дамуына ықпал етті.

Қазақстан аумағында діни салада патша билігінің алға қойған міндеттерін іске асырудағы маңызды субъект, көріп отырғанымыздай, ол татар мұсылман дінбасылары болды, солар арқылы қазақ қоғамына идеялық ықпал ету көзделді. Бұл әрекет Орта Азия мұсылман өкілдерінің қазақ даласындағы ықпалының төмендеуіне әкелуі керек еді. Айта кету керек, мұнда билеуші элитаның мұсылман діни тұлғаларды шақыру тәжірибесі бұрыннан бар еді және көбіне олар бұрын оңтүстік аймақтардан келетін. Сол оңтүстік өңірлерден келгендердің көпшілігі бұрын әртүрлі сопылық ағымдардың өкілдері болғанын еске салу қажет. Олар өз уақытында негізінен даладағы көптеген сұлтандар мен рубасыларының исламды қабылдауына өз септігін тигізді [19,129 б.].

Дәстүрлі қазақ қоғамында мұсылман құндылықтары көбінесе сопылық уағызшыларды жеке құрметтеу арқылы бекітілді. Енді отаршылдық әкімшіліктің саясатына сәйкес, олардың орнын Ресей аумағынан келген биліктің ықпалына түскен мұсылман дінбасылары біртіндеп толтыруы керек еді. Бұл ретте олар ОМДЖ ұсынымдарын және ресми органдардың бекітуін алуға тиіс болды. Жергілікті ресми биліктің қадағалауымен бұл шара көп ұзамай жүзеге асырыла басталды. Бұл ретте қазақ ортасына жіберу үшін «ресми» молдалар тапшылығы байқалды, бұны патша әкімшілігі мен қазақ сұлтандары арасындағы хат-хабарлардан байқай аламыз [20,502-503 бб.]. Сонымен бірге, Ш.Уәлихановтың жазбаларында қазақ даласында "анықталмаған" молдалардың көп болғаны жөнінде айтылады. Оның айтуынша:"...бүкіл дала татарлардың жартылай сауатты молдаларымен толып жатыр..." [21, 100 б.].

Осы тұрғыда, бұл жерде мәселе осы деректердің нақты қай уақытқа қатысты екенінде. Егер бірінші жағдайда біз XVIII ғасырдың аяғы-ХІХ ғасырдың басы туралы айтатын болсақ, ал екінші жағдайда бұл ХІХ ғасырдың ортасындағы жағдайды білдіреді. Қалай болғанда да, XVIII ғасырдың аяғы мен ХІХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы патша үкіметінің діни саясаты мұнда исламның одан әрі таралуы мен дамуына ықпал етті. Сонымен қатар, бұл үрдіске оның канондық жақтары көбірек әсер ете бастады.

Осыған байланысты қазақтар арасындағы мұсылмандыққа қатысты «жұмсақ» ресми саясаттың қарсыластары мынаны атап өтеді: "басында сұлтандар мен басшылардың бірнешеуі ғана ислам ілімі туралы түсінікке ие болды. Далада мешіттер де, діни қызметкерлер де болған жоқ. Алайда орыстар оларды мұсылман деп санап, мешіттер салып, бүкіл халық мұсылмандыққа бет бұрғанға дейін молдаларды жіберді" [22, 16 б.]. Бұл жерде тағы да бір назар аударатын нәрсе, ол қазақ ортасына исламның дәл осы уақытта келе бастады деген сөз емес, мәселе осы аумақта мұсылмандықтың сыртқы бейнесінің өзгеруінде еді. Егер бұрын ол мұнда синкретикалық түрде болып, дамып отырса, енді ол канондық формаға ие бола бастады.

Қортынды. Соныменен XVIII ғасырдың екінші жартысы – XIX ғасырдың басы Қазақстандағы патша үкіметінің діни саясатының алғашқы кезеңінің мерзімін құрады. Бұл кезеңнің өзіне қарасты ерекшеліктері айқындалды. Солардың ішіндегі ерекшісі сол тұста, II-ші Екатеринаның басқару мезгілінде, үкіметтің исламға қарасты саясатының «жұмсаруы». Оған әртүрлі ішкі және сыртқы факторлар себеп болды. Соның ішінде, империялық әкімшілік Далада өз билігін заңдастыру факторы ретінде исламға сүйенуге тырысты. Ол үшін мұсылман дінбасыларын, ең алдымен, Орынбордағы мұсылман діни жиналысын құру арқылы институттандыру бойынша қадамдар жасалды. Сонымен бірге, патша билігі діни саланы қатаң бақылауға алуға, діни қызметкерлердің тәуелсіздігін шектеуге және олардың қызметін империялық саясаттың мүддесіне бағыттауға тырысты. Осы кезеңдегі Ресейдің діни саясаты империялық биліктің жалпы стратегиясын – дәстүрлі институттарды қолдау және олардың әкімшілік аппаратқа бағынуы арқылы қазақ қоғамының отарлық мемлекеттік құрылымдарға біртіндеп интеграциялануын көрсетті. Зерттеу көрсеткендей, XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Ресей империясының діни саладағы саясатының негізі қаланды, брақ содан кейінгі кезеңдерде өз ерекшелітері болды.

Жалпы осы тұстағы патша үкіметінің Қазақстандағы исламға қарасты саясаты «жұмсарды» деп есептеледі. Бұл саясат II-ші Екатерина билігінің тұсында болғандықтан оны соның атымен байланыстырады, және де бұны монархиялық империя жағдайында жоққа шығаруға болмайды. Оған қоса бұл билеушіге еуропалық ағартушылықтың ықпалы болғандығы жөнінде де айтылады. Оны түгелдей құптауға да, мүлдем есепке алмауға да болмайтын шығар. Дегенмен, айтылып отырған «жұмсақ» саясаттың негізінде болашақта ұзақ мерзімді көздеген империяның отарлық мүдделері жатты. Соның ішінде қазақ жерлерін өзінің ықпалына түскен ислам арқылы «жеңілдетілген» жолмен бағынышты жағдайға келтіру және империяның құрамына енгізу еді. Сонымен бірге айтып кету керек, уақыт өте келе қазақ жерлері Ресей империясы құрамына кірді. Брақ мұндағы ислам патшалық билікке бағынып тәуелді жағдайға түсті деп айтуға келмейді. Керісінше кейін ол күшейіп, қоғамдағы орны нығая түсті. Сол себепті келесі мерзімдерде оған қарасты патша үкіметінің саясаты да өзгереді. Бұл енді келесі кезең талдауының еншісіндегі нәрсе.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ислам в Российской империи (законодательные акты, описания, статистика). [Текст] / Составитель Д.Ю. Арапов. // М., 2001.– 367 с.
- 2 Полное собрание законов Российской империи. [Текст] // Собрание первое (ПСЗРИ). Т.22, № 16710. – СПб, 1830
- 3 ПСЗРИ. Т.20. №19283.– СПб., 1830
- 4 Ключевский, В.О. Сочинения. Т.5. [Текст] / В.О. Ключевский. – М.: Мысль, 1989. – 476 с.

- 5 Записки императрицы Екатерины Второй [Текст] / М.: Орбита, 1989. – 748 с.
- 6 Ислам на территории бывшей Российской империи: энциклоп. словарь. Вып. 3. [Текст] / М.: Наука, 2001. – 159 с.
- 7 Бартольд, В. В. История изучения Востока в Европе и России [Текст] / В. В. Бартольд. – СПб.: тип. М. М. Стасюлевича, 1911. – 282 с.
- 8 Соловьев, С.М. История России с древнейших времен. Кн.15. [Текст] / С. М. Соловьев, – М.,1966. – 702с.
- 9 Бейсембиев, К. Б. Ислам и критика его мыслителями дореволюционного Казахстана [Текст] / К. Б. Бейсембиев. – Алма-Ата: Наука, 1962. – 41 с.
- 10 Алекторов, А.Е. Чем и как мы способствовали укреплению мусульманства в киргизах [Текст] / А.Е. Алекторов // Оренбургский листок, 1890. – № 45
- 11 Чернавский, Н. М. Оренбургская епархия в прошлом и настоящем [Текст] / Н. М. Чернавский // Труды ОУАК. Выпуск 10. – Оренбург: Тип. Оренб. дух. консист., 1903
- 12 ПСЗРИ.- Т.17, № 15991. – СПб., 1830
- 13 Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828) [Текст] // М.-Л., Т.4
- 14 Чернавский, Н.М. Оренбургская епархия в прошлом и настоящем [Текст] / Н.М. Чернавский // Труды ОУАК. Выпуск 7. – Оренбург: Тип. Оренб. дух. консист., 1900
- 15 ПСЗРИ.- Т.17, № 16292. – СПб., 1830
- 16 Соборная мечеть в городе Оренбурге // Оренбургский листок, 1893. – № 19
- 17 Кривец, Е. А. Ислам в Центральной Азии. [Текст] / Е. А. Кривец. – М.: Ленком, 1999. – 140 с.
- 18 Султангалиева, Г. С. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII-начало XX вв.): диссерт. ... докт. истор. наук: 07.00.02. [Текст] / Г. С. Султангалиева. – Актобе, 2003
- 19 Нуртазина, Н. Д. Казахстан и Средняя Азия: тенденции развития духовной общности на рубеже XIX-XX вв.: диссертация кандидата исторических наук [Текст] / Н. Д. Нуртазина – Алматы, 1993
- 20 ПСЗРИ.- Т.17, № 16255. – СПб., 1830
- 21 Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках: Сборник документов и материалов [Текст] // – Алма-Ата, 1961.- 512 с.
- 22 Валиханов, Ч.Ч. Записка о судебной реформе. [Текст] / Ч.Ч. Валиханов // Собр. соч. в 5 т., Т.4

REFERENCES

- 1 Islam v Rossijskoj imperii (zakonodatel'nye akty, opisanija, statistika). [Islam in the Russian Empire (legislative acts, descriptions, statistics)]. М., (2001): 367 s. – (In Rus)
- 2 Polnoe sobranie zakonov Rossijskoj imperii. [The Complete Collection of Laws of the Russian Empire]. Sobranie pervoe (PSZRI). Т.22, № 16710. – SPb, (1830) – (In Rus)
- 3 PSZRI. Т.20. №19283. SPb., (1830) – (In Rus)
- 4 Ključevskij, V.O. Sočinenija. Т.5. [Essays. Vol.5.]. М.: Mysl', (1989): 476 s. – (In Rus)
- 5 Zapiski imperatricy Ekateriny Vtoroj [Notes of Empress Catherine the Second]. М.: Orbita, (1989): 748 s. – (In Rus)
- 6 Islam na territorii byvshej Rossijskoj imperii: jenciklop. slovar'. Vyp. 3. [Islam in the territory of the former Russian Empire: an encyclopedia. dictionary. Issue 3.]. М.: Nauka, (2001): 159 s. – (In Rus)
- 7 Bartol'd, V. V. Istorija izučenija Vostoka v Evrope i Rossii [The history of the study of the East in Europe and Russia]. SPb.: tip. М. М. Stasjulevicha, (1911): 282 s. – (In Rus)

- 8 Solov'ev, S.M. Istorija Rossii s drevnejshih vremen. Kn.15. [The History of Russia since ancient times. Book 15.]. M.,(1966): 702s. – (In Rus)
- 9 Bejsembiev, K. B. Islam i kritika ego mysliteljami dorevoljucionnogo Kazahstana [Islam and its criticism by thinkers of pre-revolutionary Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka, (1962): 41 s. – (In Rus)
- 10 Alektorov, A.E. Chem i kak my sposobstvovali ukrepleniju musul'manstva v kirgizah [How and how we contributed to the strengthening of Islam in the Kyrgyz]. Orenburgskij listok, (1890): № 45 – (In Rus)
- 11 Chernavskij, N. M. Orenburgskaja eparhija v proshlom i nastojashhem [The Orenburg Diocese in the past and present]. Trudy OUAК. Vypusk 10. – Orenburg: Tip. Orenb. duh. konsist., (1903) – (In Rus)
- 12 PSZRI.- T.17, № 15991. – SPb., (1830) – (In Rus)
- 13 Materialy po istorii Kazahskoj SSR (1785-1828) [Materials on the history of the Kazakh SSR (1785-1828)]. M.-L., T.4 – (In Rus)
- 14 Chernavskij, N.M. Orenburgskaja eparhija v proshlom i nastojashhem [Orenburg Diocese in the past and present]. Trudy OUAК. Vypusk 7. – Orenburg: Tip. Orenb. duh. konsist., (1900) – (In Rus)
- 15 PSZRI.- T.17, № 16292. – SPb., (1830) – (In Rus)
- 16 Sobornaja mechet' v gorode Orenburge. Orenburgskij listok, (1893): № 19 – (In Rus)
- 17 Krivec, E. A. Islam v Central'noj Azii. [Islam in Central Asia.]. M.: Lenom, (1999): 140 s. – (In Rus)
- 18 Sultangalieva, G. S. Zapadnyj Kazahstan v sisteme jetnokul'turnyh kontaktov (XYIII-nachalo XX vv.): dissert. ... dokt. istor. nauk: 07.00.02. [Western Kazakhstan in the system of ethnocultural contacts (XYIII-early XX centuries): a dissertation. ... doct. History of Sciences: 07.00.02.]. Aktobe, (2003) – (In Rus)
- 19 Nurtazina, N. D. Kazahstan i Srednjaja Azija: tendencii razvitija duhovnoj obshhnosti na rubezhe XIX-XX vv.: dissertacija kandidata istoricheskikh nauk [Kazakhstan and Central Asia: trends in the development of spiritual community at the turn of the XIX-XX centuries: dissertation of Candidate of Historical Sciences]. Almaty, (1993) – (In Rus)
- 20 PSZRI.- T.17, № 16255. – SPb., (1830) – (In Rus)
- 21 Kazahsko-russkie otnoshenija v XYI-XYIII vekah: Sbornik dokumentov i materialov [Kazakh-Russian relations in the XYI-XYIII centuries: A collection of documents and materials]. Alma-Ata, (1961): 512 s. – (In Rus)
- 22 Valihanov, Ch.Ch. Zapiska o sudebnoj reforme. [A note on judicial reform.]. Sobr. soch. v 5 t., T.4 – (In Rus)